



Зерде

12 сәуір – халқымыздың біртуар ұлы Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туған күні. Соның қарсаңында ғұлама ғалымның ортасы мен отбасы, ұлағатты өмірі туралы еске алу бәрімізге ұярыз. Мысалы Қанекеннің ұрпақтарын алалық. Ол кісінің төрт қыз, екі ұлы болды. Өкінішке қарай, ұлдары мен Мәриям атты кенже қызы өмірден ертерек озды. Қалған үш қызы Қаныш ағаның өзіне тартқан шымқай ғалымдар. Өткен жылдың аяқ кезінде тоқсан жасқа толған Ханиса – медицина ғылымдарының докторы, профессор; Шәмшиябану (1930-2002) – филология ғылымдарының докторы, ҰҒА-ның мүше-корреспонденті, профессор; Мейіз (1931-2010) – геология-минералогия ғылымдарының докторы. Өзге қыздары жайлы сөз өз өсімінен, ретімен келе жатар, бүгінгі айтарым Шәмшиябану Қанышқызына арналмақ.

Қуаныштың үлкені: ірі ғалым, республика ғылымына еңбек сіңірген қайраткер, Шоқан Уәлиханов атындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Шәмшиябану Қанышқызының шығармалар жинағының бес томдығы былтыр жарық көріп бітті (Астана. Елорда. 2007-2011). Әжесіне тартып туған айтулы ғалымның шығармаларына бұрын да



# ҚАНЫШТЫҢ ҚЫЗЫ

## Даналықтың жалғасы туралы сөз

Көкімбек САЛЫҚОВ.

қанық едім, талай-талай ұлағатты ойларға оранып, ғибратты зерттеулерінен бойға қуат, ойға азық алғанмын. Бұл жолы бес томдықты оқып шыққанымда көкейіме даналықтың жалғасы деген екі сөз орала кетті.

Шәмшиябану Қанышқызы қазақтың әдебиеттану ғылымының үлкен өкілі ретінде қазақ әдебиетінің Шығыспен де, Батыспен де байланысын терең зерттеген. Міне, осыған орай шығармалар жинағын құрастырушылар бес томдықтың бірінші томына «Әдеби байланыстар», «Өрнекті өріс» деген атпен ежелгі соқпақтардан бастап, XIX-XX ғасырлардағы әлемдік әдебиет байланысының айдынынан асып, осы заманғы рухани байланыстарға арналған монографиялар мен еңбектерін енгізіпті. Жалпы бірінші кітапты оқығанның өзінде Шәмшиябану Қанышқызын танып, не тындырғанын біліп, тиісті бағасын беруге болады.

Келесі томдарда «XIX ғасыр мен XX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақ-Еуропа әдебиеттерінің байланысы», «Қазақ әдебиеті және Шығыс», «Шоқан Уәлиханов – филолог», «Шоқан Уәлиханов және орыс әдебиеті», Шәкәрім Құдайбердиев, Ғ.В.Плеханов, Т.Г.Шевченко, Л.Н.Толстой, М.О. Әуезов, М.Дулатов, А.Байтұрсынов, Ы.Алтынсарин, С.Сейфуллин жайлы зерттеулері, «Абай Құнанбаевтың «Ескендір» поэмасы», «Абайды зерттеп болдық па?», «Абай және Еуропа», «Абайға барсаң абайла» атты еңбектері кең құлашты беріліпті. Осының бәрі Шәмшиябану Қанышқызының 50 жылға жуық тапжылмай еңбек етуінің берекелі жемісі.

Ш.К.Сәтбаева өзінің зерттеулерінде ұшықтары жоқ кең даламызда өшпес іздерін қалдырған П.А.Карпини, Вильгельм Рубрук, Марко Поло, Филипп Иоганн Табберта фон Страленберг, Даниэль Дефо сияқты әлемге аттары кең тараған зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне де тереңнен асыл тас іздегендей үйіліп, әдебиетаралық өзара байланыстардың бұрын-соңды таптырмаған ерекшеліктерін айқындап берді. Осындай ізденістің негізінде ғалымның XIX ғасырда қазақтың көшпелі өміріне, оның тамаша өнеріне көз салып, әлемге әйгілі еткен еуропалық жазушылар мен ғалымдардың, саяхатшылардың еңбектерін талмай іздеп тапқан, қазақтың кім екенін танытқан зерттеулеріне тәнті боласын. Джакомо Леопарди, Александр фон Гумбольдт, Эжен Мельхиор де Вагиз, Кашо және Бонвалло, Жюль Верн, Густав Зелинский, Адольф Янушкевич, Арминий Вембери, Рихтер Кортуз, Джон Кеннан сынды еңбектері аңыз болған тұлғаларды білу, тану үлкен оқымыстылық, ізденімпаздық екенін айтуға тиіспіз. Осылардың арқасында қазақтар туралы мәліметтер XIX ғасырдың 80-90-жылдарында жарық көрген «Адамзат тарихында» (8 томдық), «XIX ғасыр тарихында» (9 томдық) және басқа да кітаптарға еніп, әлем халықтарының игілігіне айналды. Мәселен, Густав Зелинский: «Шіркін, қазақ әндерін-ай, әндерін, Жұлып кетер жүректің нәр-әрлерін. Кейде ызғырлық күз даладай қайғылы, Кейде аспандай неткен шексіз, сәнді ідің» – деп қазақтың әншілік өнерін паш еткен. Тап осындай ғаламаттар қазақтың алым қызының еңбектерінде жиі кездеседі.

Шәмшиябану Қанышқызы қай елдің, негесе Шығыстың, не Батыстың әдебиетін ерттесе, олардың қазақ әдебиетіне байланыстарын ұлы Абайдан бастайды. Бұл аснетті жолда: «Өзінде Еуропа, өзі Еуропада боп, қарға тамырлы боп байланысымын... Бұл белгі – сүйсінерлік нағыз ірі елгі» – деген дана Мұхтар Әуезовтің тарихи сөзін берік ұстаныпты. Ғалым қыз байдың: «Шығысым – Батыс, Батысым – Үлгіс болып кетті» – деген сөзін дәлелге та, оның Еуропалық та шығыстық та әдебиеттерден суындығанын тілге тиек етеді.

Ш.К.Сәтбаева Қазақстандағы Шоқанды рттеушілердің көш басында профессор С.Фандишуровты атады. Шоқан туралы ғашқы кітаптың авторы Хадиша Айдарова

деп жүрсек, С.Асфандияров ағамыз 1920 жылы «Қазақстан тарихы» деген еңбегінде Шоқанның өмірі мен қызметін кеңінен сөз етіпті. Академик, ұлы ғалым Ә.Х. Марғұланнның да еңбектерін үлкен құрметпен зор маңызына лайық жақсы бағалапты. Бұл тұрғыда шоқантану өнерін Шәмшиябану Қанышқызы Шоқанның қазақ әдебиеті туралы еңбектерінен бастап, өзінің ешкімге ұқсасмас сара жолын тапқан. Ғалымның айтуынша, қазақ сахарасында «филология» деген сөзді ғылыми өз нақтылы мағынасында алғаш рет бірнеше еңбектерінде қолданған Ш.Уәлиханов екен. Өзге әдебиеттік, сондай-ақ лингвистикалық терминдерді, ұғымдарды, фразеологияларды тұңғыш қолданған да, әдеби шығармалар мен тіл қажеттіліктерін әр тарапты, әр тұрғыдан талдау үлгісін қалыптаған да Ш.Уәлиханов екенін Ш.К.Сәтбаева талдап, зерттеп елге таратушы болды.

Шәмшиябану Қанышқызы Сәтбаева 1930 жылы Павлодар облысындағы Баянауыл кен-шарында дүниеге келді. 1946 жылы орта мек-

тепті бітіріп, Араи атындағы қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының филология факультетіне түсіп, оны үздік дипломмен тәмамдады. Ол кезде бұл институтта аттары белгілі, тәжірибелері мол оқытушылар М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, М.С.Сильченко, Н.С. Смирнова сияқты майталмандар сабақ беретін. Шетел әдебиеттерінің білгірі Н.Н.Рябинина да жас талантты қанат қағысын бекітуге айтулы үлес қосты. Оқуды бітіргеннен кейін Абай атындағы кара шаңырақ – ҚазПИ Шәмшиябану Қанышқызына Мәскеудегі М.В. Ломоносов атындағы университетті аспирантурасына түсуіне жолдама берді. Аспирантурада оқып жүргеннің өзінде ғылыми жұмыстармен шұғылданып бір сәрі, «Орта Азия және Қазақстанның әдебиеті» атты жұмысының түпнұсқасын тәмамдап, өте құнды материалдарды, деректерді жинап алды. Кейін бұл еңбегі 1960 жылы Мәскеуде жарық көрді. 1954 жылы ғылым кандидаттығына диссертация қорғады. Жас ғалым елге оралып, өзі бітірген ҚазПИ-дің орыс және шетелдік әдебиеттер кафедрасында қызмет атқарды.

Жасынан әдебиетке ұмтылған жас маман әріптестері мен институт ұжымының алдында өзін ең жақсы жағынан көрсете білді. Әсіресе аспирантурада оқып жүрген кезінде Шәмшиябанудың жалпы мәдени өресін көтеру жолында Қаныш Имантайұлы белсенді түрде көмек жасады, Мәскеудің театрларында бірге болып, Ленинградты аралапты, ондағы мәдениет ошақтарында болуын қадағалап, жан-жақты талпынысқа жол ашып берсе, талантты қызы әрі қарай бұл қасиетті істі өзі жалғастыра білді.

Әдебиеттанудың әдеби байланыстар әлемін ұстану Ш.К. Сәтбаеваны үлкен тарихшы етті. «Ел тарихын есінен шығарма», – деген Қаныш ағаның асыл ескертпесін Шәкен жиі-жиі қайталап жүретін. Ел тарихын терең білуі қай елмен байланысты бастаса да, әдебиетті тарихи кезең нақтылы жағдайға байланыстырып, жан-жақты, сан қилы әрекеттерді ескере отырып, зерттеуге тақырыптың түбегейлі маңызын аша біліп, қазақ әдебиеттану ғылымына жанашыр зерттеу, зерделеу тәсілдерін, болжамдарын ашып берді. Оған қоса айта кетерлік үлкен мәселе қай елмен әдеби байланысты зерттесе де, сол елдің нәм өз еліміздің мәдениетіне тығыз байланыстыра үңіле білді.

Шәмшиябану Қанышқызының ҚазПИ-де оқығанын айтып өттік. Жас ғалым 1965 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және искусство институтына қызмет ауыстырды. Тікелей ғылым ордасында көптеген жылдар қызмет істеп, өзінің айтулы еңбектерін, зерттеулерін жасап, ғылымдағы ғұмырының ең айшықты кезеңдерін өткізіп, зейнеткерлікке шыққанша тапжылмай қажырлылық көрсетті. Талай жылдар институттың әдебиеттер байланыстары бөлімін басқарды. Жоғарыда аталған ғылыми еңбектерінен қатар осы институтта қызмет істеп жүрген жылдары орыс мектептерінің 9-10 сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығының авторының бірі болды. Серіктес авторлығымен

әзірлеген тұңғыш «Қазақ әдебиеті» оқулығы 1979 жылы жарық көрді. Атаулы еңбек 1 рет қайта басылса, оқулық ретінен Қазақста жоғары оқу орындарындағы филология факультеттерінің орыс бөліміне тұрақты і тиянақты оқу құралына айналды.

Ақжолтай, жолы ашық талантты қызы Алматыдағы оқуға іліккеннен бастап сөз түсіп, қазақтың дана жазушысы М.О.Әуезов көмек қолын созумен болды. «Айың тусы оңыннан, жұлдызың тусын солыңнан», – дегендей Қаныштың қызы Мұхтардың сан жылдар шәкірті болды. Дипломдық жұмысы қорғағанда бестік бағаны Мұхтар аға қойыпты. Ал Шәмшиябану Қанышқызы Мәскеуде М.В.Ломоносов атындағы университетті аспирантурасында оқығанында, Мұхтан тағдырдың бұйрығымен МГУ-да профессор болып, филология факультетінің халықтар әдебиеттері кафедрасында қызмет атқарыпты. Бі қазақ халқы үшін өте күрделі тарихи кезеңі идеологиялық қаралаушылардың әсеріне қудаланып, Мәскеуге кетіп қалып жүрген қолайсыз жылдары болатын. Ол машақатта да Мұхтан абыроймен өткізіп елге келді ғой.

Шәмшиябануды достары да туыстары да отбасы да «Шәкеш» дейді екен, Мұхтан ағаның да «Шәкеш» – деп атағанын оқи ғанымыда жүрегіміз жылы ағын пайда болды. Досының қызын «Шәкеш» дегені қандай жағап. «Шәкеш» те Мұхтар Әуезов туралы кең құлашты зерттеулер жазып, Абайды жаса да қоса құрметтеуі, шәкірттік парызы дананың алдында ақтағаны деп ұғынамыз.

Ш.К.Сәтбаеваның еңбектерін түгелді атап, маңызды ашып, мақсатын көрсе

шарт емес, ал халыққа керек кейбір ақтардақтарды ашқан зерттеулерінің ішінде Сәтбай ата әулетін ерекше ыждаһатпен, тері талдаумен әйгі еткені өте маңызды іс. «Қарағы бар кісінің, ләззаты бар ісінің» – дегендей ғалымдығы да, бауырмал ләззатқа тол ішкі сезімінің нәзімдері де бұл еңбектерін табысты істерінің бірі етті. Қаныш Сәтбаевтың туған ағасы Ғазиздің идеологиялық кесепатын шырмауында ұсталып кетіп, сол кеткеннен ізсіз кетуінің өзі бұл шаңыраққа ауыр теген жағдай. Өйткені, байдың баласы деу қудалай берген соң Ғазиз бүкіл Сәтбаевтар әулетін Омбы облысына алып кетіп, 1937 жылғы аштықтан құтқарыпты. Бір әулетті кеңестік дәуірде құрбан болған Қаныштың немере ағалары Әбікей Зейінұлы (1894-1937) Әбікәрім Жәмісұлы (1897-1937) туған ағасы Ғазиз Имантайұлы (1894-1937) үшеуі де нағыз кемелгер, арыс жандар еді. Осы, тағы да басқа атаңдақтарды Шәмшиябану Қанышқызы «Сәулелі әулет» атты кітабында жән басқа еңбектерінде толығымен ашып берді.

Ш.К.Сәтбаева Алаштың асыл ұлдары то талитарлық саясаттың сұмдылық торына түсіп аттары «халық жауы» деген сорақы лақаппен айтылмай тарих көмбесінде қалған Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров туралы жазған еңбектері өте құнды. Дәйекті де, мәдениетті және шын жанашырлықпен жазылған терең ізденістен туған сабақ толық, санасыз озық бұл зерттеулер бес томдықтың алтын беттері дерлік дәрежеде шығыпты.

Шәкен біз сөз етіп отырған еңбектерінде Абай, Мұхтар, Сәбиттен бастап қазақ қаламгерлерінің бірін тастамай тартымды да ауқымды зерттеу жүргізіпті. Осының бәрі де асыл текті ғұлама ғалымның қазақ ғылымына деген қамқорлығынан, аянбай қызмет етуіне туындап отыр. Текті ғұлама дегенім тек қана Қаныш Имантайұлын еске салып отырғаным емес, Имантай атаның өзі де Шоқанның досы болған. Потанинмен қызметтес және оның тапсырмасымен әдеби мұраларды жинап, Ресейдің императорлық географиялық қоғамының тілшісі ретінде ғалымдығы мол тұлға. Имантай атаның да әуауағы немересін желеп-жебеді, Шәмшиябанудың дарқан дарыны атадан дарыған деп білемін.

Тарих қойнауында жатқан әдебиеттер байланысының асыл сезім мен терең ойға оранып, тіл жетпес сиқырлы тылсымдарында жатқан гауһар тастай асыл құпияларын ашып, қазақ әдебиетін бүкіл әлем әдебиетімен байланыстырып өткен Ш.К. Сәтбаева әкесінің даналық жолын жалғастыра білді. Оған осы бес томдық шығармаларының жинағына кірген еңбектері айқын дәлел. Өмірден озғанына тоғыз жыл уақыт өтсе де, Шәмшиябану Қанышқызының мәңгілік өмірінің өшпес жұлдызы жарқырай түсті. Данадан туған дана қыздың асыл мұрасымен туған елді шын жүректен құттықтаймын.

АСТАНА.

Суретте: Қ.И.Сәтбаев қыздары, күйеу балалары және жиендерімен бірге.